

Өндірістік хаттама №2

22.12.2025ж.

Ақтау қаласы

Қатынасқандар: 31 қызметкер

Күн тәртібінде:

1. Бөбекжайда ата – аналардан ақша жинаудың алдын – алу мәселелері.
2. Кезекті еңбек демалысы кестесін жасап, таныстыру.
3. Бөбекжайдың «Ішкі еңбек тәртібінің ережелерімен» таныстыру және бекіту

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша бөбекжай директоры Балгабаева Д.С. сөз алып, тәрбиешілер мен педагогтерге ата – аналардан ақша жинау фактісіне жол бермеу туралы айтып өтті.

- Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы № 410 “Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы” Заңы аясында бөбекжай базасында мереке қарсаңы мен басқа да шаралар кезінде ата - аналардан ақша жинау фактісіне жол берілмеуін топ тәрбиешілеріне қатаң ескертемін.

Тыңдалды. Бөбекжай әдіскері - Аргенова Р.К.:

- Мен бөбекжай әдіскері ретінде балабақша ішінде ешқандай да ақша жинау фактілері жоқ екенін айта аламын. Ол туралы педагогтер жақсы біледі. Алдымызда жыл сайын өтетін Жаңа жыл мерекесі болады, осыған байланысты да тәрбиешілеріміз ешқандай ақша жинау фактілерін көрсеткен емес.

Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша кезекті еңбек демалысының кестесін жасап, бекіту туралы бөбекжайдың кәсіподақ төрайымы – Бисенкулы Г.А. сөз алды. Жыл басында барлық қызметкерлердің кезекті еңбек демалысының кестесі құрылып, жасақталғанын айтып, түсіндірді.

Сұрақ – жауап жоқ.

Күн тәртібіндегі үшінші мәселе бойынша, бөбекжай директоры – Балгабаева Д.С. сөз алып, қатысушыларды бөбекжайдың «Ішкі еңбек тәртібінің ережелерімен» таныстырды.

- Осы «Ішкі еңбек тәртібінің ережелері» ҚР «Еңбек кодексіне». «Білім туралы» Заңына, басқа да нормативті құжаттар мен бөбекжайдың «Ұжымдық шартына» сәйкес әзірленген. Бұл ереже 10 тараудан тұрады. Орыс және қазақ тілдерінде жасақталды, - деп түсіндірген бөбекжай директоры қызметкерлерді ішкі тәртіпке сай ережелерді сақтап жүруді ескертті.

Сұрақ жоқ.

Шешімі:

1. Бөбекжайда ата – аналардан ақша жинауды болдырмау жұмыстары жалғастырылсын.
2. Кезекті еңбек демалысы кестесі жаңа 2026 жылдың қаңтар айында бекітілсін (қол қоюмен).
3. Бөбекжайдың «Ішкі еңбек тәртібінің ережелері» бекітілсін (әр қызметкердің жеке қол қоюмен)

Төрайымы:

Хатшы:



Балгабаева Д.С.

Андасова Ш.М.